

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің меншігіне тұрғын үйлерді өтеусіз беру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 21 қыркүйек 1992 ж. N 779/ Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 Қаулысымен

"Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Мемлекеттік және ведомстволық тұрғын үй қорының үйлеріндегі тұрақты тұрып жатқан тұрғын жайлары тілектеріне қарай:

күнтізбелік есептеу бойынша 20 және одан да көп жыл қызметте болған ішкі істер органдарының қызметкерлеріне және олардың жанұяларына;

жасына, сырқатына, штаттың қысқаруына немесе денсаулығының шектеулі жағдайына байланысты ішкі істер органдарынан босатылған және күнтізбелік есептеу бойынша 20 және одан да көп жыл қызмет өтілі бар адамдарға және олардың жанұяларына өтеусіз берілсін.

Мұндай жағдайда азаматтардың бұл санаттарына және олардың жанұяларының мүшелеріне купондар берілмейді. Азаматтар купондар алғысы келген жағдайда тұрғын үйлерді жекешелендіру Қазақ КСР-інде мемлекет меншігін жекешелендірудің купондық механизмі туралы Ережеге сәйкес жалпыға бірдей тәртіппен жүзеге асырылады.

Ішкі істер органдарындағы жұмыс өтілі "Қазақстан Республикасындағы ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енген сәттен бастап анықталады.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі